

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз
www.philips.com/welcome

DS3400/12



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1	Маңызды ақпарат	3
2	Қондырмалы динамик	4
	Кіріспе	4
	Қораптың құрамы	4
	Негізгі құрылғыны шолу	4
3	Жұмысты бастау	5
	Қуатты қосу	5
	Қосу	5
4	Ойнату	6
	iPod/iPhone құрылғысынан ойнату	6
	Сыртқы құрылғыдан ойнату	8
	Дыбыс деңгейін реттеу	8
5	Ерекшеліктер	9
	Күшейткіш	9
	Жалпы ақпарат	9
6	Ақаулықтарды жою	9
7	Ескерту	10

1 Маңызды ақпарат

- Осы нұсқауларды оқыңыз.
- Барлық ескертулерді ескеріңіз.
- Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- Бұл құрылғыны судың жанында қолданбаңыз.
- Желдету саңылауларын бітемеңіз. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.
- Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- Қуат сымын, атап айтқанда, ашаларынан, розеткаларынан және құрылғыдан шығып тұрған жерінен басылып немесе қысылып қалудан қорғаныз.
- Тек өндіруші көрсеткен қосымша/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- Найзағай ойнағанда немесе ұзақ уақыт қолданылмағанда, бұл құрылғыны ток көзінен ажыратыңыз.
- Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Құрылғының қуат сымы немесе штепсельдік ұшы зақымдалған болса, оған су тиіп немесе үстіне заттар түсіп кеткен болса, аппаратқа жаңбыр немесе ылғал заттар тисе, ол дұрыс жұмыс істемей тұрса немесе құлап қалған және тағы да басқаша зақымдалған болса, қызмет көрсетуді қажет етеді.
- Батареяны пайдалану туралы ЕСКЕРТУ - Батарея ағып, нәтижесінде дене жарақатының, мүліктің бүлінуінің немесе құрылғының бүлінуін болдырмау үшін:
- Барлық батареяларды + және - полюстерін құрылғыда белгіленгендей дұрыстап алыңыз.
- Батареяларды араластырып пайдаланбаңыз (ескі және жаңа немесе көміртекті және сілтілі, т.б.).
- Құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмаған кезде батареяларды шығарып алыңыз.
- Батареялар (батарея топтамасы немесе орнатылған батареялар) күн сәулесі, от немесе соған ұқсас шамадан тыс қызу әсеріне ұшырамауы тиіс.
- Құрылғыға сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
- Құрылғының үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- USB ұяшығы тек деректер тасымалдауға арналған.
- Direct Plug-in адаптерінің ашасы ажырату құрылғысы ретінде пайдаланылатын жерде, ажырату құрылғысы пайдалануға дайын болып қалуы керек.



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.
- Құрылғыны басқа электр құрылғыларының үстіне қоюшы болмаңыз.
- Құрылғыны қуат көзінен ажырату үшін қуат сымына, штепсельге немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.

2 Қондырмалы динамик

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

Кіріспе

Осы бекітілген динамикпен келесі әрекеттерді орындай аласыз


- iPod/iPhone және басқа сыртқы аудио құрылғылардан дыбыс тыңдау; және
- USB ұяшығы арқылы iPod/iPhone құрылғысын компьютермен синхрондау.

Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.

- Негізгі бөлік
- АТ қуат адаптері
- Жұмысты бастаудың қысқаша нұсқаулығы
- Қауіпсіздік парағы

Негізгі құрылғыны шолу



① iPod/iPhone үшін док

② + / —

- Дыбыс деңгейін реттеу.
- ЖШД көрсеткіштері сияқты жүйе күйін көрсетіңіз.

③

- Бекітілген үндеткішті қосыңыз.
- Бекітілген динамикті күту режиміне ауыстырыңыз.

④ Қуат көзі ұясы

- АТ қуатын қосыңыз.

⑤

- USB кабелі арқылы компьютермен синхрондаңыз.

⑥ AUDIO-IN

- Сыртқы дыбыс құрылғысын қосыңыз.

3 Жұмысты бастау

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

Қуатты қосу

Қондырмалы динамик айнымалы ток қуатымен немесе батареялармен жұмыс істейді.


1-таңдау: айнымалы ток қуаты

! Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Қуат көзінің кернеуі құрылғының төменгі жағында басылған кернеуге сәйкес келетіндігін тексеріңіз.
- Ток соғу қаупі бар! АТ адаптерін ажыратқанда, ашаны әрқашан розеткадан суырыңыз. Сымды ешқашан тартпаңыз.

АТ адаптерін қосыңыз:

- қондырмалы динамиктің артқы жағындағы қуат көзі ұясына;
- қабырғадағы розеткаға.




2-таңдау: батарея қуаты

! Ескерту

- Жарылу қаупі бар! Батареяларды қызудан, күн сәулесінен немесе оттан аулақ ұстаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз.
- Батареялар қуаты таусылған немесе ұзақ уақыт қолданылмайтын болса, оны шығарып қойыңыз.
- Батареяларда химиялық заттар болуы мүмкін, сондықтан оларды қоқысқа дұрыс тастау керек.

Батарея бөлімін ашыңыз.

- 1 4 x 1,5 В АА батареяларын көрсетілгендей дұрыс жағымен (+/-) салыңыз.
- 2 Батарея бөлімін жабыңыз.



Қосу

Қондырмалы динамикті қосу үшін Φ түймесін басыңыз.

→ + / - ЖШД көрсеткіштері жанады.

Күту режиміне ауысу

Қондырмалы динамик келесі жағдайда күту режиміне ауысады:

- Φ түймесін қайтадан басыңыз;
- Айнымалы ток қуатымен қосқанда динамик 15 минут күту режимінде болады.

→ + / - ЖШД көрсеткіштері өшеді.

4 Ойнату

iPod/iPhone құрылғысынан ойнату

Осы қондырмалы динамик арқылы iPod/iPhone дыбыстарын тыңдауға болады.

Үйлесімді iPod/iPhone

Қондырмалы динамик келесі iPod/iPhone модельдерін қолдайды:


Мыналар үшін жасалған:

- iPod touch (5-буын)
- iPod nano (7-буын)
- iPhone 5


iPod/iPhone құрылғысын тыңдау

Қосымша мүмкіндіктерді пайдалану үшін тегін **ClockStudio** қолданбасын орнату ұсынылады.

- 1 Қондырмалы динамикті қосу үшін **О** түймесін басыңыз.
↳ ЖШД көрсеткіштері жаңады.
- 2 iPod/iPhone құрылғысын докқа салыңыз.



- 3 Бірінші рет пайдалану үшін iPod/iPhone құрылғысындағы **ClockStudio** қолданбасын орнату сұралады.
- 4 Орнату сұрауын қабылдау үшін **[Yes]** (иә) опциясын түртіңіз.
- 5 Орнатуды аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



- 6 Орнатқаннан кейін қолданбаны іске қосыңыз.
- 7 Дыбысты iPod/iPhone құрылғысында ойнатыңыз.
↳ Дыбыс осы қондырмалы динамик арқылы шығады.



Ескертпе

- **ClockStudio** қолданбасы арқылы қажет болған жағдайда радио тыңдауға, сағат пен дабылды орнатуға, дыбыс параметрлерін реттеуге және микробағдарламаны жаңартуға болады.

Микробағдарламаны жаңарту



Егер микробағдарлама жаңартуы қолжетімді болса, **ClockStudio** қолданбасы оны автоматты түрде іздеп, жүктеп алуды сұрайды.




Ескертпе

- iPod/iPhone құрылғысының бекітілген динамикке салынып, Интернетке қосылғанын тексеріңіз.

- 1 Егер жаңа микробағдарлама жаңартуы табылса, **OK** түймесін басыңыз.



- 2 Микробағдарлама жаңартуын аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



Ескертпе

- Жаңарту процесі барысында қуатты ажыратпаңыз немесе iPod/iPhone босатпаңыз.

iPod/iPhone құрылғысын зарядтау

Ескертпе

- Егер қондырмалы динамик батареялармен жұмыс істеп тұрса, iPod/iPhone құрылғысын зарядтауға болмайды.

Қондырмалы динамик айнымалы ток көзіне қосылғанда, бекітілген iPod/iPhone құрылғысы зарядтала бастайды.

iPod/iPhone құрылғысын компьютермен синхрондау

Ескертпе

- Компьютеріңізде iTunes дұрыс теңшелгенін тексеріңіз.

- 1 iPod/iPhone құрылғысын докқа салыңыз.
- 2 Күту режиміне ауысу үшін ϕ түймесін басыңыз.
↳ ЖШД көрсеткіштері өшеді.
- 3 USB кабелі арқылы бекітілген динамикті және компьютерді қосыңыз.
- 4 Бекітілген динамикті компьютермен синхрондау үшін iTunes іске қосыңыз.
↳ Бекітілген iPod/iPhone құрылғысы iTunes арқылы компьютермен сәтті синхрондалады.

Ескертпе

- Ескертпе: түрлі материалдар мен өнім техникаларына байланысты кейбір USB кабельдері осы құрылғымен жұмыс істемейі мүмкін.

Сыртқы құрылғыдан ойнату

Бұл қондырмалы динамикпен MP3 ойнатқыш сияқты сыртқы құрылғыдағы дыбысты да ойнатуға болады.

Ескертпе


- Динамиктегі жалғау ұясында ешқандай дыбыс анықталмағанына көз жеткізіңіз.

- 1 Қондырмалы динамикті қосу үшін ϕ түймесін басыңыз.
- 2 MP3 байланыстыру кабелін (жинақпен берілмейді) келесіге қосыңыз:
 - қондырмалы динамиктің артқы жағындағы **AUDIO-IN** ұясы;
 - сыртқы құрылғыдағы құлақаспап розеткасы.
- 3 Дыбысты құрылғыда ойнатыңыз (құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

Дыбыс деңгейін реттеу

Дыбыс деңгейін реттеу үшін:

- Қондырмалы динамикте +/- түймесін басыңыз немесе
- iPod/iPhone немесе сыртқы құрылғының дыбыс деңгейін реттегішті реттеңіз.



Кеңес

- Қондырмалы динамик батареямен жұмыс істеп тұрса, айналымы ток көзімен жұмыс істегенге қарағанда дыбыс деңгейі төмен болады.

5 Ерекшеліктер

Күшейткіш

Номиналды шығыс қуаты 2 x 5 Вт ОКМ

Жалпы ақпарат

Қуат көзі	Модель:
- Айнымалы ток қуаты	KSAS0151200150HE;
- Батарея	Kipic: 100-240 В ~, 50/60 Гц, 0,4 мА
	Шығыс: 12 В ==
	1,5 А
	4 x AA батарея
Жұмыс үшін қуат тұтынуы	< 10,5 Вт
Күту режимінде қуат тұтынуы	< 0,5 Вт
Ең жоғарғы iPod/iPhone үшін жүктеме	5 В == 1 А
Мөлшері	274 x 143 x 109 мм
- Негізгі құрылғы (Е x Б x К)	
Салмағы	1,06 кг
- Негізгі құрылғы	

6 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз. Бұл құрылғыны пайдалану кезінде проблемалар орын алса, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-торабына (www.philips.com/welcome) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

Қуат жоқ

- Құрылғының АТ қуат адаптерінің дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- АТ розеткасында қуаттың бар екендігін тексеріңіз.
- Батареялардың дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

Дыбыс жоқ немесе нашар

- Бекітілген динамик дыбысының деңгейін реттеңіз.
- iPod/iPhone немесе сыртқы аудио құрылғысы дыбысының деңгейін реттеңіз.

Құрылғыдан жауап жоқ

- АТ қуат сымын ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін құрылғыны қайтадан қосыңыз.

Компьютермен синхрондау мүмкін емес

- Бекітілген динамикті күту режиміне ауыстырыңыз.
- Басқа USB кабелін пайдаланыңыз.
- Компьютерге iTunes қызметін дұрыс орнатыңыз.

7 Ескерту

WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.



«iPod үшін жасалған» және «iPhone үшін жасалған» электрондық қосалқы құралдың арнайы iPod немесе iPhone құрылғысына қосылу үшін жасалғанын, сәйкесінше Apple өнімділік стандарттарына сәйкес келу үшін әзірлеуші тарапынан куәландырылғанын білдіреді. Apple компаниясы бұл құрылғының жұмысына немесе оның қауіпсіздік және нормалық стандарттарға сәйкестігіне жауапты емес. Осы қосалқы құралды iPod немесе iPhone құрылғысымен пайдалану сымсыз жұмысқа әсер етуі мүмкін екендігін ескеріңіз.

iPod және iPhone — Apple Inc. корпорациясының АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген сауда белгілері.



Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кердергілеріне қойылатын талаптарына сай.



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымның

Еуропалық 2002/96/ЕС нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.

Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2006/66/ЕС Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды. Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.



Ескертпе

- Ақпараттық тақтай батарея бөлімінде орналасқан.



Specifications are subject to change without notice
2013 © WOOX Innovations Limited. All rights reserved. Philips
and the Philips' Shield Emblem are registered trademarks of
Koninklijke Philips N.V. and are used by WOOX Innovations
Limited under license from Koninklijke Philips N.V.

